Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

2 тамыз сейсенбі
№61 (1865)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Өткен аптадан бастап облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы жиында қала және аудандардың даму динамикасын саралап, негізгі экономикалық көрсеткіштерге талдау жасады. Алдымен Сырдария, Қармақшы, Жалағаш ауданының әкімдері көрсеткіштер бойынша есеп беріп, алдағы міндеттерін тізбектеді. Күні кеше Жаңақорған ауданының даму көрсеткіштері талданды.

ДАМУ ДИНАМИКАСЫ ТАЛДАНДЫ

Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, басты талап – экономикалық өсімді арттыру. Макроэкономикалық көрсеткіштермен қарар болсақ, Сырдария ауданы 4 орында, Қармақшы ауданы 6 орынға ығысса, Жалағаш ауданы екінші орынға көтерілген. Әсіресе, Сырдария құрылыс жұмыстары көлемінің төмендеуіне жол берген жалғыз аудан. Ал Қармақшы ауданында тамақ өндірісі бойынша теріс тенденция былтырдан бері жалғасып келеді. Жалағашта өсім қалыптасқанымен төртінші деңгейлі бюджет жоспарын төмен бекіткен.

– Сырдария ауданында жергілікті өндіріске тиісті талдау жасалмау салдарынан корпоративтік табыс салығы өткен жылмен салыстырғанда 71,2 млн теңгеге азайған. Бұл жергілікті өндірістің дамуына, жергілікті бюджеттің тиімді қызмет етуіне кері әсерін тигізуде. Биыл аудан бюджетінің кірісі жыл аяғына дейін 593,8 млн теңгеге орындалмау қаупі бар. Сондықтан жұмысты ширату керек, – деді облыс әкімі.

Халық табысын арттырудың төте жолы – жаңа жұмыс орындарын құру. Облыс әкімі әр ауданның өзіне тиесілі инвестиция тарту арқылы жаңа жобаларды әкелу қажет екенін сол арқылы жаңа жұмыс орындарын ұлғайту жұмыстарына жете мән беруді тапсырды. Сондай-ақ инвестиция тарту ісінде міндеттемелердің уақытылы орындалуын қадағалау қажет деді.

– Қармақшы ауданы бойынша 6 айдың қорытындысымен ресми жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,4 пайызға өскен. Ал жоспарланған 2533 жаңа жұмыс орынның бар болғаны 1073-і ашылса, оның ішінде тұрақтысы 277 немесе 25,8%-ға ғана орындалған. Бұған қоса, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды квотамен жұмыспен қамту бойынша 39 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланғанымен, бүгінгі күнге бірде-бір адам жұмысқа орналастырылмаған. Сондықтан жыл соңына дейін нақты шараларды қабылдаңыз, – деді облыс басшысы.

Талдау жиынында Нұрлыбек Нәлібаев кәсіпкерлік саласында оң динамика сақталған аудандарды атап өтіп, өнім өндіру және ішкі қажеттілікті өтеу мәселесіне ерекше назар аударуды тапсырды. Мәселен, Сырдария ауданында 2533 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 92,5 пайызы нақты жұмыс жасайды. Ал Қармақшы ауданында 3321 бизнес иелерінің 89,9 пайызы нақты жұмыс істейді. Жалағаш ауданында да оң тенденция бар. Ауданда жыл басынан 290 кәсіпкерлік субъектісі ашылған, нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілердің 92,5 пайызы нақты жұмыс жасайды.

– Жалағаш ауданының облыс орталығына жақын орналасуы бау-бақша және фермерлік кәсіпті дамытуға мүмкіндік береді. Ол үшін ауданда бақша, көкөніс өнімдерін өсіруге және етке негізделген мал, құс шаруашылығын дамытуға жеткілікті жағдай жасау қажет. Бұл ретте жұмысты күшейту қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі индустрияландыру бағдарламасы аясында жобаларды іске асыру бойынша Сырдарияда жұмыс қарқыны баяулағанын тілге тиек етті. Ал Қармақшы ауданының әкіміне индустриялық аймақта 2017 жылдан бері жаңадан жоба болмағанын сынға алып, ауданда құс фабрикасын салуды жоспарлы уақытта жүзеге асырып, өзге де индустриялық жобаларды қарастыруды міндеттеді. Жалағаш ауданы әкіміне мия тамырын өңдеу зауытын іске қосу жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Өндіріс орны биыл қайта іске қосылып, 190 жаңа жұмыс орны құрылады.

Жаңақорғанда да ауыз толтырып айтарлық іс жеткілікті, дегенмен әлеуетті ауданға қазіргі ахуалы аздық етеді.

– Бүгінгі таңда ауданда 66 өндірістік цех жұмыс жасайды екен. Әлеуеті жоғары ауданға бұл өте аз. Себебі халық саны 1,5 есе төмен Қармақшы ауданында 126 цех бар. Ал халық саны шамалас Қазалы және Шиелі аудандарында 286 және 336 өндірістік цех жұмыс жасауда. Өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі облыстың 34%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш уран саласындағы 2 кәсіпорын есебінен құралады. Өңдеу саласында шағын кәсіпорындар мүлдем жоқ десек болады, – деді облыс басшысы.

Арнайы кеңесте облыс әкімі Жаңақорған ауданында соңғы кездері жұмысы тоқтап қалған кәсіпкерлік нысандардың көбейгенін айтып, бұл бағытта жұмысты күшейтуді тапсырды. Мәселен, Жаңақорған ауданы бойынша соңғы 3 жылда тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны небәрі 365 бірлікке өскен.

– Ауданда 87 мыңға жуық халық болса, оның кәсіпкерлікке тек 7% тіркелген. Ал көршілес жатқан Түркістан облысының 80 мың халқы бар Шардара ауданында кәсіпкерлердің үлесі 11%. Шардара облыс орталығынан шалғай орналасқан аудан бола тұра, кәсіпкерлік әлеуеті жоғары Жаңақорған ауданынан артық дамыған, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиында азық-түлік қорын көбейту, бақша дақылдарын егу жұмыстарының нәтижесі талданды. Облыс әкімі Жаңақорған ауданы табиғи орналасу ерекшелігіне байланысты аймақтағы бақша-көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуші негізгі аудан болуы тиіс екенін ашып айтты.

Есеп барысында облыс әкімі кадрлар тиімділігін арттыру мақсатында аудан әкімдіктері қызметкерлерінің еңбек өтіліне және жетістіктеріне талдау жасау қажет екенін айтты. Мәселен, Сырдария және Қармақшы аудандарындағы кейбір лауазымды тұлғалар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына енгізілген өзгерістерді назарға алмауы салдарынан бірқатар заң бұзушылықтарға жол берген. Сондай-ақ өңір басшысы аудандағы мектеп және балабақша директорлары көптеген жылдар бойы бір қызмет орнында қалғанын ескертіп, заңнама аясында ротациялауды қарастыруды тапсырды. Қызмет барысында заңсыздыққа жол берген аудан әкімдерінің орынбасарлары, ауыл әкімдері мен бөлім басшылары жауапкершілікке тартылатынын жеткізді.

А.АҚЫЛБЕК

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

«БАСТАУ БИЗНЕС» ЖАҢА ФОРМАТТА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Елімізде кәсіпкерлікті қолдауда бірнеше бағытты қамтитын жобалар бар. Соған сәйкес жыл сайын мемлекеттік бюджеттен қыруар қаржы бөлінеді. Бұл – жеке кәсіп ашып, өзіне де, ел экономикасына да пайда келтіремін деген азаматтардың идеясын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттің қолдауы.

Соның бірі – «Бастау бизнес» жобасы. Кәсіпкерлікке баулитын бұл жоба 2017 жылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асқан еді. Ұзақтығы 21 күндік оқу курсын тәмамдағандар курсты оқығаны туралы сертификат алып, одан әрі өз бизнес-жоспарын әзірлеп, оны қорғауы тиіс.

Соңғы 4 жыл бойы елімізде аталған жобамен 150 мыңнан астам азамат кәсіпкерлік бағытта білім алып, 144 мың бизнес-жоспар іске асыпты. Нәтижесінде 60 мыңға жуық жұмыс орны құрылып, тұрғындарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туған. Кәсіпкерлік палатасының мәліметіне сүйенсек, жоба аясында кәсібін ашқан кәсіпкерлердің 93 проценті мемлекетке тұрақты түрде салық төлейді екен. Соның арқасында елімізде салықтан түскен қаржы көлемі ұлғайған. Мәселен, 2017-2019 жылдар аралығындағы көрсеткіш бойынша «Бастау бизнеспен» кәсіп ашқан кәсіпкерлер бюджетке 1,4 млрд теңге салықтық түсім түсірген екен.

2 БЕТТЕ



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тіл үйретудегі өшпес мұраларын жалғастыру парызымыз. Биыл қазақ филологиясының негізін қалаушы тұлғаның 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуде. Мерейтой аясында Тіл саясаты комитетінің «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы оқытушылары арасында республикалық байқау ұйымдастырды.

БАЙТҰРСЫНОВ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Бұл байқау ұлы реформатор, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұрасын насихаттау мақсатында дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді. Ұлт ұстазының өміршең ғылыми-әдістемелік ұстанымдарының өзектілігін сақтап, ұрпаққа жеткізу біздің міндет. Жыл сайынғы дәстүрлі сайыс ұлы әдіскер ғалымның тіл оқыту, үйрету саласындағы еңбектерін зерделеу арқылы оның тіл меңгеруге қатысты ұтымды әдіс-тәсілдерін анықтауды және насихаттауды мақсат тұтады. Шоқтығы биік шара өткен аптада өз мәресіне жетті. Республикалық байқауға облыстық кезеңнен үздік атанған 12 үміткер қатысты. Оқытушылар байқауында облыстық қоғамдық даму басқармасы «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы Алтынай Орынбаева бас жүлде иеленді. Бұл – аймақ үшін зор қуаныш. Өз біліктілігін дәлелдеп, 12 облыстан озық шыққан Алтынайды қуанышымен құттықтадық.

4 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

НҰРСҰЛУДЫҢ ШЕБЕРХАНАСЫ

Қыз жасауы, құрақ көрпеше, ұлттық киім тігу сынды ұлттық өнерді ұлықтап жүрген қыз-келіншектер қатары артып келеді. Олардың кәсібіне сұраныс көп. Жыл сайын ұлттық өнерді үйренуге және оны дамытуға ниетті жандардың көбеюі көңілге қуаныш ұялатады. Бүгінде өзіміздің өнімге сұраныс көп. Себебі халық сенімді адамға жасатып, сапалы дүние алғысы келеді. Ине сабақтап, тігін тіккенмен көп әйелдің қолынан құрақ құрау келе бермейді. Оған да шыдам мен үлкен өнер керек екені анық. Оюды ойып, құрақтың қиюын келістіру үшін талант та керек секілді. Сондай талант пен өнер бойына дарыған жанның бірі – Нұрсұлу Ажарова. Ол Сырдария ауданынан тігін цехын ашып, ауылына өз пайдасын тигізуде.

4 БЕТТЕ

COVID-19: МАМАНДАР ДАБЫЛ ҚАҒУДА

Облыста коронавирусты жұқтырушылар артып келеді. Мамандар соңғы көрсеткіш бойынша «сары аймаққа» жақын тұрмыз деген дабыл қағуда.



Жалпы пандемия басталғалы бері облыста коронавирус инфекциясының 25140 жағдайы анықталған. Ал соңғы тәулікте 52 науқас тіркелген. Оның 32-сі қала тұрғыны болса, Сырдария ауданында – 4, Шиеліде – 7, Жаңақорғанда – 9 адам вирус жұқтырған.

Коронавирусқа қарсы ревакцинациялау шарасы әлі де жалғасуда. Қауіпті инфекциядан қорғануда қарапайым азаматтардан бөлек, жасөспірімдер мен жүкті, емізулі әйелдер де иммунитет қалыптастыруда. Бұл вирустан қорғанудың бірден-бір жолы екенін дәрігерлер ескертіп келеді.

Еліміздің өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша облыс «сары аймақ» көрсеткішіне жақындаған. Бұл санатта әзірге Нұр-Сұлтан қаласы тұр.

«Ақмешіт-ақпарат»

Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен ІІ дәрежелі «Айбын» орденін табыстау салтанаты өтті.

АЙБЫНЫ АСҚАҚ АЗАМАТ

Салтанатты шарада Президент Жарлығына сәйкес ІІ дәрежелі «Айбын» ордені жеке құрамды ұйымшылдықпен басқарып, қызмет бабында қырағылық танытқан №5547 әскери бөлімінің жасақ командирі, майор Мұхит Аманбаевқа табысталды. Ол Қаңтар оқиғасында қылмыскерлерді ұстау кезінде қырағылық танытып, жауынгерлер өмірін ажалдан арашалаған. Жеке құрамды ұйымдастыра білетін қабілеті мен жауынгерлік қызметіне адалдық, көрсеткен ерлігі үшін Мұхит Қайратұлы бұл марапатқа лайық деп танылды.

– Бұл – жауынгерлік әзірлікте, әскерлерді жоғары жауынгерлік даярлықта ұстауда, әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін берілетін марапат. Мұхит Қайратұлы, сіз өскелең ұрпақ пен еліміздің барша азаматтарына аянбай қызмет етудің, айрықша еңбексүйгіштіктің және нағыз патриотизмнің жарқын үлгісін көрсеттіңіз, – деді аймақ басшысы.

Жиында облыс әкімі отансүйгіш, батыл, адал азамат тәрбиелеп өсірген ата-анасы Қайрат Төлебекұлы мен Бақытгүл Әкімбайқызына да алғыс айтты.

Өз кезегінде майор Мұхит Аманбаев ілтипат көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

– Менің Отанға адал, айналама қамқор болып, еліме қалтқысыз еңбек етуде ата-анамның берген тәрбиесі зор. Осындай қошеметке, осы дәрежеге жеткенім үшін оларға үлкен алғыс білдіремін. Сондай-ақ еңбегімді елеп, ІІ дәрежелі «Айбын» орденіне лайық көрген Мемлекет басшысы мен облыс әкіміне, әскери бөлім басшылығына да рақмет айтамын. Бұл – барлық әскери құрамда қызмет етіп жүрген жауынгерлердің еңбегі, – деді ол.

Шарада жауынгер құрметіне патриоттық әндер шырқалып, әскери өмірдің көрінісі бейнеленді. Сондай-ақ №5547 әскери бөлімінің ардагерлер кеңесі Мұхит Аманбаевқа қазақтың қара домбырасын тарту етсе, басшылық тарапынан ата-анасына сый-сияпат табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Кәсіпте туындаған мәселелер мен бизнестегі кемшіліктерді жою маңызды. Себебі бұл сала қала экономикасына әсер етіп, жұмыссыздықты азайтуға сеп болады. Міне, сондықтан қала әкімі Асылбек Шәменов ай сайын шаһардағы кәсіпкерлермен тұрақты түрде кездесу өткізуде. Қала басшысы өткен аптада «Бизнеске арналған үкімет» ғимаратының ашық алаңында кәсіпкерлерді салалық мәселелері бойынша қабылдады.

ҚАЛА ӘКІМІ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әкім қабылдауына келген кәсіпті жаңадан бастаушы азаматтар бизнес жоспар әзірлеу, мемлекеттік грант алуға үміткер болу сынды сұрақтарымен жүгінсе, кәсібін кеңейтуді мақсат еткендер қосымша қолдау, жер телімі, ғимаратты жалға алу, әкімшілік кедергілерді жою жайын талқылады.

Кәсіпкерлердің талап-тілегін тыңдаған шаһар басшысы қаланың дамуына жол ашатын тың, жаңа жобаларды бірлесе жүзеге асыруға қолдау көрсетілетінін жеткізді.

− Негізі телекоммуникация және байланыс мамандығы бойынша білім алдым. Қазір жеке кәсіп ашуды жоспарлап отырғандықтан қала әкімінің қабылдауына келдім. Болашақ кәсібім тұрмыстық техниканы жөндеуге қатысты болмақ. Бұған дейін бұл салаға байланысты жұмыс істедім, тәжірибе бар, енді жеке кәсіп керек. Осыған байланысты мемлекеттен грант алу үшін әкім қабылдауына қатыстым. Қала әкімі менің өтінiш-тілегімді тыңдап, бизнес жоспарыммен танысып, жауапты мамандарға тапсырды, – дейді жаңадан кәсіп ашуды көздеп отырған қала тұрғыны Ерболат Сәрсенбай.

Жалпы қала көлемінде шағын кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік бағдарламалар мен кәсіпкерлік негіздерін түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында субсидиялау бағыты бойынша 3,9 млрд теңгені құрайтын 93 жоба қолдау тапса, қайтарымсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша құны 11 млн теңгені құрайтын 9 кәсіпкердің жобасы мемлекеттік грантқа ие болды.

А.БІРКЕНОВ

«БАСТАУ БИЗНЕС»

ЖАҢА ФОРМАТТА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Ел игілігіне жараған жоба биыл да жалғасын тапты. Тек бұл жолы жобаны жұмыспен қамту орталығы ұйымдастыруда. Енді бұл «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жүзеге асады. Соған орай «Бизнес бастау» шеңберінде кәсіпкерлікті оқыту жаңа форматта және онлайн түрде қолжетімді болмақ. Қысқа мерзімді оқу курсына қабылдауға өтініш 25 шілдеден бастау алды.

Басы 1-бетте

Кәсіпкерлік негіздерін үйреніп, жеке кәсіп ашамын десеңіз бұл таптырмас мүмкіндік. Ол үшін business.enbek.kz порталына тіркеліп, оқыту шартына сәйкестік тексеруінен өтесіз. Талапқа сай келсеңіз skills.enbek.kz платформасына кіріп, оқуды бастай берсеңіз болады.

– «Бизнес бастау» жобасы бойынша оқу курсы 25 шілдеден басталды. Курсқа 4 күн ішінде 552 адам өтінім беріп, оқуды бастап кетті. Бұл көрсеткіш әлі де өсуі мүмкін. Жалпы бұл оқу курсын тек мемлекеттік грант алғысы келетіндер ғана емес, несие алушылар да оқи алады. Ал мемлекет тарапынан берілетін 400 айлық есептік көрсеткіштегі грантты берудің өзіндік талабы бар. Мәселен, ол азамат 29 жаста болуы керек. Сондай-ақ жұмыссыздар,

Соңғы 4 жыл бойы елімізде аталған жобамен 150 мыңнан астам азамат кәсіпкерлік бағытта білім алып, 144 мың бизнес-жоспар іске асыпты. Нәтижесінде 60 мыңға жуық жұмыс орны құрылып, тұрғындарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туған. Кәсіпкерлік палатасының мәліметіне сүйенсек, жоба аясында кәсібін ашқан кәсіпкерлердің 93 проценті мемлекетке тұрақты түрде салық төлейді екен. Соның арқасында елімізде салықтан түскен қаржы көлемі ұлғайған. Мәселен, 2017-2019 жылдар аралығындағы көрсеткіш бойынша «Бастау бизнеспен» кәсіп ашқан кәсіпкерлер бюджетке 1,4 млрд теңге салықтық түсім түсірген екен.

атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік жәрдемақы алушы, қандастар, қоныс аударушылар, еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар адамдарды асыраушылар, мүгедектігі бар азаматтар және т.б санаттағылар үміткер бола алады, – дейді қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Жақсылық Төлегенов.

Жоба биыл өтінім беруден бастап оқу үлгісі, бизнес-жоспарды қорғау, грантқа үміткер болу, барлығы да онлайн түрде жүзеге асырылуда. Бұл жемқорлық әрекетке жол бермеу мақсатында іске асып отыр.

Қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Жақсылық Төлегеновтің айтуынша, оқу курсы 12 модульден тұрады. Әр модульді аяқтаған соң 16 сұрақтан құралған тестке жауап беруі тиіс. Тест сұрағының кемі 70 процентіне дұрыс жауап берген оқушы келесі модульге өте алады. Осылайша әр модуль сайын сынақтан өтеді. 12 модульді толық оқып аяқтаған курс оқушы бұдан кейін мемлекеттік грантқа онлайн өтінім береді. Сонымен бірге бизнес жоспарын тіркейді. Осыдан соң enbek.kz порталы өтінім бергендердің қай санатқа жататынын автоматты түрде бөліп, саралайды. Ал грантқа өтінім беру 8 тамыздан басталады.

Айта кетер жайт, «Бизнес бастау» жобасын оқушы модульдік сынақтан өтпей қалса, келер айда қайта оқуына болады. Сәтті аяқтаған соң арнайы сертификат беріледі.

Айдана СЕЙІЛ

СҰХБАТ

Қала аумағында ауыл шаруашылығы саласының деңгейі қандай? Ел егіннен қандай нәтиже күтеді? Су тапшылығы болған жоқ па? Осы және өзге де сауалдар бойынша қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбекұлымен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

ҚЫЗЫЛОРДА БИДАЙДЫ ЖИНАП БОЛДЫ

– Нұрбек Әзірбекұлы, қала көлеміндегі ауыл шаруашылығы саласы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсеңіз...

– Қызылорда қаласы бойынша 2022 жылдың 1 маусымына ауыл шаруашылығы бойынша 1 млрд 908,1 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 100,8 процентті құрады. Биыл 9036 гектарға егін егілді. Оның ішінде 3406 гектар күріш, 482 гектар бидай, 5 гектар арпа, 70 гектар мақсары, 189 гектар қант құмайы, 2823 гектар картоп, көкөніс, бақша дақылы егіліп, 994 гектар жаңа жоңышқа, 1067 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды.

Биыл 1019 тонна күріш тұқымының 23,3 проценті отандық, 76,7 проценті ресейлік сорттарды құрады. Қажетті минералдық тыңайтқыштың көлемі 3745 тоннаны құрап, толығымен алынды. Сонымен қатар арамшөптерге қарсы қолданатын гербицидтердің қажетті көлемі 3634 литр толығымен сатып алынды. Қашыртқылар, каналдарды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары бойынша шаруашылықаралық және ішкі каналдардың 152000 текше метр топырағы шығарылып, 5 дана гидробекеттер, 5 дана су құрылыстары жөндеуден өткізілді. Егіс жұмыстарына 91 трактор, 22 трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сепкіш, 5 жүк көлігі жұмылдырылды. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті 522 тонна дизель жеткізіп беруші операторлар ретінде «РК Мұнай» және «Нефть-Транс-Қызылорда» ЖШС белгіленді. Бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарының қажетті дизель отынының сұранысы бойынша жеткізіліп берілді. Қала бойынша 2022 жылдың 1 маусымына мүйізді ірі қара – 27689 бас, қой мен ешкі – 31900 бас, жылқы – 12164 бас, түйе – 3761 бас және 14875 құс өсірілуде. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара – 10,7%, қой-ешкі – 14,4%, жылқы – 23,4%, түйе – 12,2 %, құс – 1,8% өскен. Бүгінгі күнге 947,7 тонна ет, 1683,4 тонна сүт, 131,1 мың дана жұмыртқа өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ет өндіру 1,8%, сүт өндіру – 0,2%, жұмыртқа – 1,1% артты.

– Биылғы егін шаруашылығынан қандай нәтиже күтесіздер?

– Қазіргі таңда бидай жинау жұмыстары толығымен аяқталып, 431,7 тонна өнім алынды. Орта өнім 10,2 центнерді құрады. Сонымен қатар орақққа түсетін 1067 гектар мал азықтық ескі жоңышқаның бірінші орымы аяқталып, 1814 тонна жоңышқа дайындалды. Қазіргі уақытта екінші орым жүргізілуде. Күрішті күтіп-баптау бойынша 1900 гектар үстеп қоректендіру және 1800 гектар егіске химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Биыл егілген 3406 гектар күріш егістігінің шығымдылығын сала мамандары зерделеу барысында 2554 гектары (75,0%) «жақсы», 681 гектары (20,0%) «орташа», 141 гектары (5,0%) «қанағаттанарлық» деп бағалап отыр.

Қазіргі таңда бидай жинау жұмыстары толығымен аяқталып, 431,7 тонна өнім алынды. Орта өнім 10,2 центнерді құрады. Сонымен қатар орақққа түсетін 1067 гектар мал азықтық ескі жоңышқаның бірінші орымы аяқталып, 1814 тонна жоңышқа дайындалды. Қазіргі уақытта екінші орым жүргізілуде. Күрішті күтіп-баптау бойынша 1900 гектар үстеп қоректендіру және 1800 гектар егіске химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Биыл егілген 3406 гектар күріш егістігінің шығымдылығын сала мамандары зерделеу барысында 2554 гектары (75%) «жақсы», 681 гектары (20%) «орташа», 141 гектары (5%) «қанағаттанарлық» деп бағалап отыр.

– Биыл су тапшылығы сезілді ме?

– Биыл су тапшылығы жағдайында шиеленістердің алдын алу, егін жұмыстарын агротехникалық талаптарға сәйкес жүргізу үшін қала әкімінің өкімімен жұмысшы топ құрылып, ауыл шаруашылығы құрылымдарына суды аз қажет ететін дақылдарды егу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескертпе хат таратылды. Бүгінгі күнге қала бойынша оң жаға магистралы каналынан 14,79 текше метр, сол жаға магистралы каналынан 8,64 текше метр, Жаңаарық магистралы каналынан 5,36 текше метр, барлығы 28,79 текше метр су алынуда. Вегетация кезеңінде су тапшылығы ықтималдылығына байланысты 5 насос қондырғысын (СНП-500/10) «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы арқылы алып беру жоспарланып, бүгінгі күнге 2 данасы берілсе, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арқылы 3 дана СНП-500 су қондырғысы алынып берілді. Су тапшылығына байланысты биыл тамшылатып суару технологиясымен Қызылөзек ауылдық округінен «Үміт» шаруа қожалығы 8 гектарға картоп, Қарауылтөбе ауылдық округінен «Ы.Жақаев атындағы Қазақ Күріш ҒЗИ» ЖШС 3 гектарға қызанақ екті. Сонымен қатар тамшылатып суару технологиясымен Ақсуат ауылдық округінен «Алдан» шаруа қожалығы 200 гектарға жаңа жоңышқа екті.

– Күріш, бақша дақылдарын егу жұмыстары жылдағыдан қалай орындалды?

– Күріш дақылы биыл 3406 гектарға орналастырылып, өткен жылмен салыстырғанда 707 гектарға кеміді. Күріштің орнына суды аз қажет ететін бидай 58 гектарға, қант құмайы 149 гектарға, мақсары 30 гектарға, 707 гектарға жоңышқа егілді.

Биыл 990 гектарға бақша дақылдары егілді. Облыс әкімі жергілікті тұрғындардың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында картоп, көкөніс, бақша дақылдарын егетін жерлерді дайындап, халыққа бөліп берді. Осыған орай қалаға қарасты кент және ауылдық округтер бойынша 255 гектар жер дайындалып, 1700 тұрғынға берілді. Бүгінгі күнге 65 гектар картоп 98 гектар көкөніс, 92 гектар бақша дақылдары егілді.

– Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің ішкі нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі қандай?

– Бүгінгі күні ішкі нарықты азық-түлік тауарларынан күріш, картоп, ет, сүтпен қамтамасыз етіп отыр. Қалған азық-түлік тауарлары сырттан тасымалданады. Маусымдық бақша, көкөніс дақылдары жеткілікті өндірілуде. Сонымен қатар Ақсуат ауылдық округіне қарасты «КазАгроМир» ЖШС құны 1,1 млрд теңгені құрайтын Ақсуат ауылдық округінде көлемі 2,2 гектар автоматтандырылған кешенді жылыжай құрылысы жұмыс жасауда. Биыл қаңтар айында егілген қиярдан 180 тоннаға жуық өнім жиналды. Шағын жылыжай кешенін дамытуда жаңадан жалпы көлемі 1300 шаршы метрді құрайтын 2 жылыжай кешені жұмысын бастады. Олар – Ақсуат ауылдық округі Жаңадария өңірінен ЖК «Шапағат», Қызылжарма ауылдық округінен «Green house» ЖШС жылыжайы. Сонымен қатар «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» тарапынан жылыжай кешенін салуға 13 млн теңгені құрайтын 2 жоба мақұлданып, құрылыс жұмыстары басталуда.

– Түрлі фактор әсерінен елімізде азық-түлік бағасы үнемі құбылып тұратыны белгілі. Қазір баға тіптен аспандап кетті. Осы тұста азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік жәрмеңкеден бөлек қандай қолдау шараларын жоспарлап отырсыздар?

– Қала аумағында 39 әлеуметтік дүкен орналасқан, оның екеуі ет бағытында жұмыс жасауда. Сонымен қатар «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Аль-Асад», «Ажар», «Қызылорда», «Мирас», «Анвар» сауда үйлерінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік бұрыштар орналыстырылған. Одан бөлек азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында қала аумағынан «Байқоңыр» ӘКК» АҚ арқылы жыл басынан бері 15 мәрте жәрмеңке өткізді.

– Қазіргі уақытта агроөнеркәсіптік кешен негізінен қай салаларды дамытуға күш салған жөн?

– Қазіргі таңда мал азықтық, жемдік дақылдарды өндіру, күнделікті тұтынатын көкөніс көлемін арттыру алға қойылған. Осыған сәйкес, мал бордақылау алаңдарын салу, асылдандыру бағытын ұлғайтқан жөн.

– Алдағы уақытта ауыл шаруашылығы өнімін арттыру үшін қандай жоспарларыңыз бар?

– Алдағы уақытта күріштің көлемін тұрақтандыра отырып, әртараптандыру бағытын дамытқан дұрыс. Мал азықтық, майлы және әлеуметтік маңызға ие көкөніс, картоп, бақша дақылдарының көлемін арттыру керек. Су үнемдеу технологиясын өндіріске енгізуді жандандыру, ауыл шаруашылығы техникаларының машина трактор паркінің жаңаруын 5 процентке дейін жеткізу жоспарлануда. Жылыжай шаруашылығын және қарқынды алма бақтарын дамыту, өңдеу кәсіпорындарын, оның ішінде майлы дақылдарды көбейткен жөн деп есептеймін. Сондай-ақ мал шаруашылығы өнімін өндіру мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қуаттылықтарын арттыру және дамыту мен жақсарту бағытындағы жұмыс жүргізілуде.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМЫ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫНДА ЖАТЫР

Өткен аптада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңі қорытындыланды. Осы күнге дейін байқауға 1700-ге жуық отбасы өтінім беріп, оның 178-і қатысуға жолдама алған. «Достық» үйінде ұлттық байқаудың облыстық жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаздарды құттықтап, елімізде отбасы институты әрқашан ерекше құрмет пен қолдауға ие болатынын жеткізіп, шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, береке сыйлаған отбасыларға құрмет көрсетті.

– Қазақ халқы үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Отбасының бірлігі – отанның беріктігі, ағайынның татулығы – атамекеннің тұтастығы, ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен имандылықтың бастау бұлағы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әрбір отбасын сақтау – отанымыздың берік болуының кепілі. Олардың әрқайсысына тұтастық пен татулықтың дәстүрін орнықтыруымыз керек», – деп айтқан болатын. 2014 жылдан бастау алған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы құндылықтары мен қазақ үшін қашанда киелі саналатын бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын насихаттауда орны ерекше, тағылымды шара. Бұл байқауға қатысқан отбасылардың барлығы да – нағыз мерейлі жеңімпаздар», – деді аймақ басшысы.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша жалағаштық Маштаевтар отбасы жүлделі III орынды, Шиелі ауданынан қатысқан Рыспембетовтер әулеті II орынды иеленді. Жүлделі I орынды Қызылорда қаласының Ермановтар әулеті иемденсе, шиелілік Байжановтар отбасы бас жүлдеге лайық деп танылып, елордадағы республикалық сайысқа өңір атынан жолдама алды.

Облыс әкімі жеңімпаз атанған отбасыларға бағалы сыйлықтар мен арнайы дипломдар табыстады.

Сондай-ақ байқауға белсенді қатысып, ұлттық құндылық пен отбасы мерейін жоғарылату бағытындағы өнегесін көрсете білген отбасылар арнайы аталымдарымен марапатталды. Атап айтқанда, қазалылық Сүлейменовтер әулеті «Өнерлі отбасы», қармақшылық Бердібаевтар жанұясы «Өнегелі отбасы», қармақшылық Шамшатовтар әулеті «Үлгілі отбасы», жалағаштық Бекниязовтар шаңырағы «Берекелі отбасы», аралдық Сыдықовтар әулеті «Талант тұғыры отбасы», сырдариялық Есенхожаевтар әулеті «Озат отбасы», жаңақорғандық Төлегеновтер жанұясы «Толағайлар отбасы» номинацияларымен және арнайы жүлде қорымен марапатталды.

А.БЕК

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ СМАҒҰЛОВТАР

Қазіргі таңда отбасында өзара келісім мен рухани сыйластықты нығайту маңызды болып отыр. Бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын арттыру үлкен мәселеге айналды. Сондықтан да елімізде «Мерейлі отбасы» сынды өнегелі байқау жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Отбасы құндылықтарын насихаттауға арналған қалалық байқауда Смағұловтар отбасы «Өнегелі отбасы» аталымын иеленді.

Әулеттің қуанышына ортақтасып, өсіп-өнген отбасының тәрбиелік мәнін жастарға насихаттау барысында олармен тілдескенді жөн көрдік.

Смағұловтар отбасы қалаға қарасты Айнакөл ауылында тұрады. Бізге қаладағы Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінде педагог-психолог болып қызмет атқаратын Шолпан Смағұловамен тілдесудің сәті түсті.

«Мерейлі отбасының» байқауы болатынын естіген Шолпан апай оған қатысуды жөн санайды. Өйткені отбасылық құндылықты насихаттай отырып, жастарға үлгі ету басты мақсат еді. Ел сүйсінер ерекше қасиетті ұрпаққа үлгі ету де осы байқаудың талабы. Шолпан апай ата-анасы көрсетіп кеткен сара жолды мақтан ететіндерін жеткізді.

– «Мерейлі отбасы» болу тек қана ата-анаға байланысты емес, ол балаларға да қатысты. Әке-шешем үлгілі ата-ана болуға тырысып, балаларына жақсы тәрбие берді. Отбасының құндылығы балалармен байланысты. Сол үшін ең бастысы балаға жақсы өнеге көрсете білу қажет, – деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз.

Әулеттің діңгегі болған Аяған Смағұлов – саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған жан. Қырық жылдан астам білім беру саласында еңбек еткен ұлағатты ұстаз. 1952 жылы Қарағанды облысы, Тельман ауданындағы орта мектебінде алғашқы ұстаздық жолын бастаған. 1954 жылы сол білім ошағында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған. 1955 жылы Сырдария ауданындағы «Ақиын» елді мекенінде №136 Н.К.Крупская атындағы сегіз жылдық мектепте мұғалім болып орналасқан. 1970-1981 жылдары №136 Н.К.Крупская атындағы сегіз жылдық мектепте директор қызметін атқарды. 1981-1997 жылдар аралығында осы мектепте мектеп директоры қызметін жалғастырған. Аяған Смағұлов Қазақ ССР Оқу Министрлігінің, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері медалімен наградталған.

Шаңырақтың отанасы Шарбан Досжанова. Ол – он екі құрсақ көтерген батыр ана. Әр балаға өнегелі тәрбие бере отырып, олардың санасына отбасылық құндылықты сіңірген аяулы жан. Шарбан ана өмірге 6 ұл, 6 қызды әкелген жан, алтын алқа иегері.

Аяған ата мен Шарбан ана бала қызығын көріп, немере, шөбере сүйген бақытты ата-әже атанды. Отбасында келін мен ененің арасындағы сыйластықтың мәні зор. Шарбан әжей келіндеріне ыстық ықыласпен мейірімін төгіп, кемкетіктерін түзетіп, жол көрсетіп отырған.

– Әкем бала санын ешкашан шектеген емес. «Балалы үй базар» деп үнемі айтып отыратын. Өмірдің ақ қарасын ажыратып, қиын кезде қасымыздан табылды. Бағыт бағдар берген ата-анама өмірлік қарыздармын. Маңдайымызға жел тигізбей өсірді. Әрдайым адал болуды, біреудің ала жібін аттамауды, бауырмал, ауызбіршілікте болуды үйретті. Кішкентайымыздан біздің үйден қонақ үзілмейтін. Келген қонақтар әкеме «Айеке, он екі балам бар деп мақтанасыз, көрмедік қой балаларды» дейді екен. Ата-анамыздың бізге берген тәрбиесінің қандай екенін өзін осы жерден байқауға болады. Яғни конақ келген кезде рұқсатсыз ол бөлмеге бармау, дастарханға рұқсатсыз қол салмау деген қағиданы біздердің санамызға сіңірген. Анамның үлкен қағидасы болатын: «Ана бір қолымен әлемді тербетсе, бір қолымен бесік тербеткен». Анамыз үйді де, жұмысты да бірге алып жүрген. Әкем әр баласын бір-бір төбеге теңеп отыратын. Бала кезімізде әр баланы патшасындай көріп, кейін досындай ақылдасқан әкемнің бір ауыз сөзі алтын еді, – дейді Шолпан апай.

Шарбан анадан тәлім-тәрбие алған Смағұловтар отбасының келіндері қазіргі кезде бір-бір үйдің түтінін түтетіп, шаңырағын ұстап отырған жайы бар. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген сөз осы Смағұловтар отбасына арнап айтылғандай. Әулеттің қыздары әке жолын таңдады. Қыздары Сәуле қаладағы арнаулы түзету мектебінде мұғалім болып қызмет жасаған. Ал Айжан мен Шолпан ұстаздық қызмет атқарады. Отбасының келіндері де Ақбөпе, Эльвира Айнакөл ауылындағы №175 мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Ал Нұргүл келіні – тәлімгер, немере келіні Ардақ – мектеп жанынан ашылған шағын орталықта әдіскер, немересі Ақбота шағын орталықта тәрбиеші болып қызмет атқарады. Немерелері Ақерке Сырдария ауданындағы №35 орта мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Айзат, Аружан, Айгерім, Жазира – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері. Олар да мұғалім болуды қалайды.

Қазіргі таңда берекесі ортаймаған отбасының отын өшірмей, түтінін түзу түтетіп отырған баласы Бақытбек пен келіні Ақбөпе. Шаңыраққа шаттық сыйлап, түздегі тынымсыз еңбектің арқасында үйдің жағдайын жасап отыр. Бақытбек бесаспап десе де болады. Бірде егіс басынан, бірде мал шаруашылығынан табылады. Бақытбек Ғазиз бен Даниярдай ұлдарына осы машақатты еңбектің жөн-жосығын, қыр-сырын үйретуде. Ала жаздай атыз жағалап, егін жайқалтып, төрт түлікті де баптауға үйренген. Сонымен қатар отбасының Мейрамбек, Ғанибек, Қуанышбек атты балалары ауылда мал және егін шаруашылығымен айналысады. Олар маңдай термен адал еңбек етіп, кәсіптерін өркендетіп отыр.

Осындай үлгі тұтарлық мерейлі отбасылар көбейе түссе еліміздің іргесі сөгілмейтіні анық.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

БӘРЕКЕЛДІ!

ТАРБАҒАТАЙДАҒЫ АЙТЫС

Шілденің соңғы күндері «ASSYLTAS» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Абай облысының Аксуат ауданында «Тұғыры биік Тарбағатай» атты «Асыл домбыра-2022» республикалық ақындар айтысы өтті. Оған осыған дейін екі мәрте іріктеуден өткен жыр жүйріктері қатысып, өзара бақ сынады.

Сегіз жұптан құралған сөз сайысын ақын Әсия Беркенова, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетов, «Хабар» агенттігі АҚ басқарма төрағасы Берік Уәли, ақын Несіпбек Айтұлы, ақын Серік Қалиев, айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков бағалады.

Өнер бәйгесінде ақындар елдікті де жеріне жеткізіп жырлады. Қылдан май суырғандай етіп, ақиқатты да ашына айтты. Қазақтың өткені мен бүгінін жіпке тізгендей көркем сөз, кестелі оймен шебер жырлады. Шырайлы Шығыстың керемет табиғатын әсем сөзбен әрлеп, әдемі оймен әспеттеді.

Бұл айтыстың бір ерекшелігі, ақындар алдын ала жұпталмай сол жерде жеребе арқылы анықталды. Сырдан барған үш ақын да сын сәтте сәйгүліктей суырылып шықты. Суырып салып айтысып, айтыстың қас үлгісін көрсетті.

Нәтижесінде «Айтыс ақтаңгері», облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығы директоры Мұхтар Ниязов «ASSYLTAS» қоғамдық қорының стипендиясын иеленді. Шиелілік Ержан Әміров жүлделі III орынды жеңіп алды. Ал Аралдың жас жүйрігі Бексұлтан Орынбасаров арнайы жүлдемен марапатталды.

Айта кетейік, айтыстың бас жүлдесі «ASSYLTAS» қоғамдық қоры тағайындаған «Асыл домбыра» және

жеңіл автокөлік Ринат Зайытовқа бұйырды. Бірінші орынды Мұхтар Ниязов жеңіп алса, екінші орынды тараздық Қанат Мырзақан иеленді. Үшінші орынның жүлдесімен жерлесіміз Ержан Әміров пен ақтөбелік Нұрбол Жауынбаев марапатталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

АҚЫНДАР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Қызылордада облыстық мәдениет және спорт басқармасының ұйымдастыруымен «Ақын – елдің ардағы» атты айтыс ақындарының облыстық құрылтайы ұйымдастырылды. Жиынға басқарма басшысы Руслан Рүстемов қатысып, алдағы жұмыс жоспарымен бөліссе, айтыскер ақындар ұсыныстарын жеткізді.

– Қазір Сыр айтысы мектебінің шоқтығы биік. Бұл сөзіме бүгінде облыстық музей ішінен мәңгі тұғыр тұрағын тапқан «Алтын домбыра» дәлел. Бұл жетістікке тоқмейілсіп қалмай, біз бұдан әрі айтыс мектебінің дамуына жол ашуымыз керек.

Бұл ретте жасалуға тиісті шаралар тізбегі жеткілікті. Аудандардағы айтыс үйірмелерінің өзара тығыз байланысы, бүгінде жүйелі өткізілмей жзүрген облыстық айтыстарды қайта жүйелеу, алдыңғы буын ақындардың шеберлік сағаттарын жиі өткізу, жас шәкірттерді айтулы ақындардың ақындық лабораториясымен таныстыру, Сыр ақындарының таңдаулы айтыстарын жинақ қылу сынды шешімін күтіп жүрген жұмыстар бар.

Ең бір керекті дүние – ақындар үйірмесіне әдістемелік құрал. Яғни ақындық өнердің әліппесі, айтысқа бала тәрбиелеудің алғашқы методикасы. Бұл республикада әлі жоқ. Мамыр Байментайұлының бұл бастамасы алдағы уақытта Нұрлыбек Машбекұлының үлкен қолдауымен шешімін табады деген сенімдеміз, – деп жазды басқарма басшысы Руслан Рүстемұлы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Бүгінде Жүрсін Ерман басқаратын одақтың бас штабы Алматыдағы Алатау өнер театрында орналасса, ал аймақтық филиалдары елордада мен Шымкент қаласында. Одан бөлек Жамбыл, Батыс Қазақстан, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында қызмет етіп жатыр. Ал одақтың Қызылордадағы филиалына Нұрмат Мансұр жетекшілік етеді. Басқосу барысында айтыс ақындары осы филиалдың Қорқыт ата университетіндегі офис орталығымен танысты. Алдағы уақытта облыста салынатын көпфункционалды «Өнер» орталығының жаңа ғимаратында осы филиалдың жұмыс жасайтын арнайы бұрышы болуы мүмкін.

Айта кетейік, облыс ақындарының құрылтайында бірқатар айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одақ құрамына өтті. Олардың қатарында әріптесіміз Тұрар Бекмырзаев та бар.

А.БІРКЕНОВ

БАЙТҰРСЫНОВ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Алтынай Романқызы 2020 жылдан бастап орталықта мемлекеттік тіл оқытушысы қызметін атқарып келеді. Ол өзіне тапсырылған істі жауапкершілікпен істейтін ізденімпаз жас маман.

– Аймақ абыройын асқақтатқаныма қуаныштымын. Қуанышым әлі басылған жоқ. Облыста өткен іріктеуден жеңімпаз болып, республикаға жолдама алдым. Ал үлкен байқаудан бас жүлде алғаныма сенер емеспін. Байқау 4 кезеңнен тұрды. Оның ережелері оңай болмады. 1-кезеңде этнос өкілдеріне 10 минуттық сабақ өткізіп, Facebook желісіндегі tilqazyna парақшасына жарияланды. Бұл арқылы тіл тағдырына немқұрайлы қарамайтын қалың оқырман қауымға пікір білдіру, баға беруге мүмкіндік туды. Келесі кезең қазақ тілін оқытудағы жинақтаған тәжірибеміз арқылы авторлық бағдарламаны қорғадық. Оған қазылар алқасы баға берді. Үшінші кезең Ахмет Байтұрсынұлының зерттеушілік мол мұрасына, еңбектеріне, ғылыми тұжырымдамасына қатысты дайындалған сұрақтарға жауап бердік. «Қазіргі таңда жаңартылған бағдарлама бойынша қалай оқытқан тиімді?» деген секілді сұрақтар қойылды. Соңғы шешуші кезең арнайы сынама топтың қатысуымен жағдаяттық түрде өтті. Біз тіл үйренушілерге сөйлеу әрекетінің төрт түрі оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым бойынша тапсырма беріп, жұмыс істедік, – дейді Алтынай.

Алтынайдың жеңісі – аймақ абыройы. Облыстық тілдерді дамыту орталығы байқауға жауапкершілікпен қатысып, өз білімі мен тәжірибесін көрсете білген Алтынай Орынбаеваға алғыстарын жеткізді.

– Қазылар алқасының «Қызылордалық қатысушы жанкештілікпен барлық кезеңде өз эмоциясын ұстап шықты. Біз оның білім деңгейіне тәнті болдық» деген сөздері маған ерекше көңіл-күй сыйлады. Әрбір адамды асқақ арман мен биік мұратқа жеткізетін тілі мен салт-дәстүрі екені ақиқат. Себебі тіл – халықтың рухани байлығы, ұлттық болмысы. Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Ахмет Байтұрсынұлы «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ана тілін ұмытқандарды осылай бір-ақ ауыз сөзбен сынға алады. Қарап отырсақ, мұның астарында мәнді мазмұн мен терең тағылым жатыр. Осылайша ол ана тіліміздің қазақ ұлтының жаны, өткені мен бүгінінің көрінісі екенін ашып көрсетеді. Біздің міндетіміз – өскелең ұрпаққа аға буын қалдырып кеткен мол мұраларды жеткізу. Оларды жаңа жаңартылған бағдарлама бойынша қазіргі жеткіншекке жеткізу. Тілімізді сақтап қалу, – дейді Алтынай Романқызы.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

НҰРСҰЛУДЫҢ ШЕБЕРХАНАСЫ

Қазір бұл ісі өрге басып тұр. Бала кезінен сурет өнеріне қызыққан. Сол қызығушылық тігін тігуді үйренудің алғашқы қадамы еді. Сонымен қатар нағашы әжесі тігінші болған. Әжесінің өнерін үйреніп, дамыту басты мақсаты еді.

– Қазіргі таңда көптеген адамдар жеке кәсіп ашуды ойлайды. Алайда бизнестің қай түрін таңдарын білмей қиналады. Мемлекет тарапынан да көрсетіліп жатқан қолдауға арқа сүйеп, ештеңеден қорықпай, кәсіп ашуға болады. «Нәтижелі іс көремін десең, ең бірінші өзіңе сен» деген. Адам ең бірінші өзіне сенім артуы қажет. Қолөнермен 2009 жылдан бастап үздіксіз айналысып келемін. Одан кейін жаңа технология бойынша «жүн өңдеу» ісін де қолға алдым. 2012 жылы «Нұр-Рамазан» үкіметтік емес ұйым құрып, басшысы болып тағайындалдым. Ұйымның негізгі айналысатын жұмысы қолөнер бұйымдарын жасау, тігін өнерімен айналысу сынды қызметтер еді. Осы жұмыстар нәтижесінде 2013 жылы «Игілік корпаратифтік қорынан» жоба қорғадым. Ал 2014 жылы «Ақниет» бағдарламасы бойынша тігін шеберханасын аштым. Қазіргі таңда шеберхана ісі өрге домалап тұр, – дейді Нұрсұлу.

– Тігін ісінде таланттың үлесі 10 пайыз ғана, қалған 90 пайызы тек еңбекпен келеді. Бұл – өте қиын әрі күрделі кәсіп. Мәселе қомақты қаржыда да емес. Дизайнер, ең алдымен, стратег болуы керек. Бұл өзі шахмат ойыны сияқты нәрсе. Қандай жүріс жасайтының анық болуы тиіс. Не керек екенін білу және тез шешім қабылдай алу да аса маңызды. Сән әлемінде жетістікке жету үшін аянбай еңбек етемін. Әркімнің өсу, өркендеу жолы әртүрлі. Қалай болғанда да бұл – шығармашылық. Шығармашылық болғаннан кейін оның басты шарты – әркімнің өз қолтаңбасының болуы. Сондықтан мен бұл өмірде өз қолтаңбамды қалдырып, басқалардан айырмашылығым бар екенін көрсеткім келеді, – дейді Нұрсұлу.

Бүгінде тігін цехында 4 мүгедектігі бар жан, әлеуметтік бағдарлама арқылы 2 адам, штатта 3 адам жұмыс істейді. Балалар кәжекейлері, ұлттық нақыштағы және заманауи киімдер, қыз жасауын тігеді. Оларды халықтың қалтасы көтеретін бағада сатады. Сапалы қымбат матадан тігуге тапсырыс беретіндер де бар екен. Олардың жұмысына тапсырыс берушілер дән риза. Бұл кәсіпке нарық тарапынан сұраныс еш уақытта да бәсеңдемесі анық. Себебі қыз жасауына, көрпешелерге сұраныс қашанда жоғары. Тігінші өнімін қайда өткіземін деп бас қатырып жатпайды. Оның жұмысына тапсырыс берушілер көп.

Нұрсұлудың негізгі мамандығы бейнелеу пәнінің мұғалімі. Бір жұмысқа қарап отырғысы келмеді. Жан қалауымен жұмыс істеп, өз ісін бастау арманы еді. «Адамның қолынан келмейтін іс, алынбайтын қамал жоқ» деп өзін-өзі қамшылады.

Басы 1-бетте

Кәсіпкердің жұмысы жүйелі түрде дамуда. Әрбір адам ісі өрге басқан кезде, оны тағы да өркендеткісі келеді. Нұрсұлу да 2015 жылы «Бастамаларды қолдау қорынан» 300 мың теңге көлемінде несие алып кәсібін кеңейткен. 2018 жылы 3 миллион теңге несие алып, тігін цехына жана атау берген. «Әдемі» тігін шеберханасын кеңейтіп, түрлі машина, автоматтандырылған станоктар алып жұмыс істеуде.

Бүгінде Нұрсұлу облыс орталығында өтетін көрмелерге қатысып, түрлі байқаулардан жүлделі орын алып жүр. Мәселен, 2015 «Қолөнер – сырлы өнер» атты конкурста жүлдегер болған. Ал 2018 жылы «Қазақтың үздік тауарлары» өнерлік көрме конкурсының дипломын алған. Сонымен қатар «Іскер әйелдер» көрме конкурсынан «Алғыс хатпен» марапатталса, 2019 жылы «Қазақтың үздік тауарлары» өнерлік көрме конкурсының дипломына ие болған.

Отбасында алты баланың анасы. Балаларын тәрбиелеумен қатар тұрғындарға пайдалы кәсіпті нәсіп етіп отыр.

– Жұмыс көп, шаршауға уақыт жоқ. Балаларым үшін көп еңбек еткім келеді. Олардың да еңбекқор болғанын қалаймын. Әрбір табыс ниетке байланысты. Адамның ішкі ниеті де дұрыс болуы қажет. Мен қайта тігін машинасына отырғанда демаламын. Тігін жұмыстарының денсаулыққа пайдасы зор. Миды тынықтырып, саусақ жаттығуына әсері мол. Өзіме ұнайтын іспен айналысқан керемет сезім сыйлайды. Сондай-ақ халықтың алғысын алып отырмыз. Мұның өзі үлкен жетістік. Жаңа дүниелер жасап, ою-өрнектің түрлі болғанын қалаймын. Қыз жасауы да әртүрлі болғаны дұрыс. Қыздың артынан баратын дүние болған соң, сапалы әрі әдемі болғаны жөн, – дейді ол.

Нұрсұлудың алдында үлкен мақсаттары бар. Жас кәсіпкер жарқын істерімен қазірдің өзінде көпке үлгі, елге сыйлы. Алдағы жоспары – ауылдан дәстүрлі қолөнер шеберлерінің мектебін ашу. Оған жұмыссыз қыз-келіншектерді, мүгедектігі бар қыз-келіншектерді қатыстырып, мектеп оқушыларына үйрету. Сондай-ақ болашақта үлкен жобаларға қатысып, жоғары жетістіктерге жетсем деген де мақсаты бар. Кәсібінен нәсіп тапқан жанмен әңгімелесу арқылы біраз жайтты бағдарлауға болады. Бастысы – ісің алға басуы үшін мамандардың бірлігі мен іскерлігі талап етіледі.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Балалар жылы 2022



Бала кезде велосипедке қызықпаған бала болмаған шығар. Себебі қалаған жеріңе оп-оңай апаратын, керек десең балалардың қызыға қарауына жағдай жасайтын сол «шайтанарба». Көшеден мінгесіп алып әрлі-берлі жүйткіп жүрген балалар да ең бақытты көрінетін. Футболға да, телевышканың астынан шие теруге де, тіпті мектепке де белсебетпен барған бала ең «крутой» еді. Мен де солардың қатарынан болсам дейтін едім. Болдым да...

Жетіншіні жеті төрттікпен тәмамдап, сегізіншіге көшетін жылдың жазы. Ішім алабұртып, түнімен ұйықтай алмадым. Шешем де «Ертең саған сюрприз жасаймыз» деп қуантып қойды. Ал ұйықтап көр. Ол қандай сюрприз? Не үшін? Мүмкін жаңа телефон алып беретін шығар? Әлде мектепке киім алуға баратынымызды сюрприз деп отыр ма екен? Мүмкін велосипед? Ай қайдам, өздері үй салып жатқанда қайдағы велосипед? Ол темірің де арзан тұрмайды ғой... Міне, осындай ойлар маза бермей, түнімен дөңбекшіп жаттым. Бірақ сонда да қалауым велосипед еді.

Менде ешқашан өзімнің, «ноп-новый» күйінде алған велосипед болған емес. Ең біріншісі кіп-кішкентай, артқы дөңгелегінің екі жағында кішкентай дөңгелегі бар «детский» велосипед болды. Оның өзін бірінші сыныпта міндім. Ауылдағы нағашым «біздің балаға кішкентай» деп беріп жіберген. Басында әбден қуанып, ала жаздай әрлі-берлі зырғығаным болмаса кейін қызығы басылды. Өйткені түрі тозған, тот басқан темір еді ол. Оның үстіне үйрен деп кішкентай дөңгелектерін алып тастағанда құлап, талай жарақаттанғам. Сол үшін де көңілім қалды. Қасқаның цебі де шығып кете беретін. Әлішердің 710-дық Стелсын, кәдімгі үлкен велосипедін тепкен соң өзімдікін менсінбей де қалдым. Одан кейін ағаларымның колонкаға айырбастап алған, ақша жинап қолдан алған темір тұлпарлары болды, әрине. Бірақ олар да жаңа болмаған соң аса бір ұнамайтын. Маған су жаңа, жалт-жұлт еткен белсебет керек еді.

Міне, осылай өз ойымда су жаңа көлігімді армандап жатып әйтеуір ұйықтап кетіппін. Келесі күні түсте ояндым. Қызық... Сағат 10-нан өткен. Шешем көшеге шығар болсақ «Күн ысып кетпей тұрғанда ертерек барып келейік» дейтін. Демек, базарға бармаймыз. Онда сюрприз деп жүргендері велосипед емес. Мұндай ойдан кейін көңілім түсіп кетті. Себебі мені велосипедтен басқа ештеңе қуантпайтындай... Алайда оянғанымды көрген анам «Тез-тез жуынып, шайыңды ішіп ал. Көше жаққа барамыз» деді. Атып тұрдым. Ұшып-қонып жүріп жуынып, анам құйған бір кесе шайды іштім. Іштім деген әшейін ғана. Дәл сол шай суып болмады, бір-екі ұрттадым да, анамның көзін ала бере төге салдым. Көшеге киетін киімді де лезде киіп, сыртқа шықтым. Енді шешем шығып болса ше... Асыққаным сонша үйге екі-үш рет кіріп, «Мама, тездетші» деп, ақырында сөз де естіп алдым. Эх-х-х, мені қайдан түсінсін? Маған не алып беретінін, жо-жоқ, велосипед алып бергеніне асығып тұрмын. Сюрприздың велосипед екеніне сенімдімін. Өйткені бұған дейін әрлі-берлі «намекать» еткеніммен үйдегілер түсіне қойған жоқ. Ақыр соңында «Түсімде велик көрдім» деген әңгімені жиі айтып, өтірік сандырақтап сөйлеген болып «велик-велик» деп қақылдайтынмын. Сөйтіп шешем де шықты.

Маршруткаға мініп, базарға да жеттік. Дәл өзі. Шешем тура велосипед сататын бутиктерге қарай жүріп барады. Жолда танысын көріп, сөйлесіп қалмаса екен деп тілеп келем. Дүкен ашық болса екен деп те сыйынып келем. Ашық. Әне тұр. Сан түрлі темір тұлпар жалт-жұлт етіп көздің жауын алады. Алдында себеті бар Урал, қызыл-көк Стелстің 410, 710 бәрі-бәрі тұр. Е-е-е, араларындағы ең мықты деген «скоростной» велосипедтер де бар. Мұндайын мінген адамда арман жоқ шығар. Шешем сатушымен сәлемдесті де «Таңда» деп қана айтты. Ал керек болса, өзім таңдайды екенмін. Жалпы мынаны аласың деп кез келгенін көрсетсе де дайын едім. Анамның мына сөзі тіптен қуантып жіберді. Қалтасында қанша ақша барын білмесем де шамамен 410-дық Стелс алуға рұқсат деп болжадым. Қызылы қыздарский, көгі көзге түспейді, сарысы Ерсұлтанда бар. Не де болса жасылы дұрыс-ау. Өзі де алыстан көзге түседі екен. «Мынаны алам» дедім. Шешем сатушымен әңгімені жіберіп жатыр, мені ести қойған жоқ. Шамалы ойланайын дедім де ақыры басқалары ұнамаған соң сол жасылын алатын болдым. «Мама мынаны алайықшы» деген сөзіме шешемнің не дегенін білесіз бе? Ол сөзінен кейін мен бақыттан басым айналып, ғарышқа бір ұшып келгендей болдым. Ішім қуаныштан бүріп ауырып кеткендей ме... «Оны қайтесің тыртитып. Әкең «скоростной» алсын деді. Мыналардың ішінен таңда» деді шешем. Міне, бақыт, міне, қуаныш. Осы кезде бұрын бірдене бола қалса үйдің үлкендері «Сені асырап алғанбыз» дейтін. Бұл жолы ол сөздерінің өтірік екеніне тағы бір көзім жетті. Маған велик, скоростной велик алып бермекші. Әрқайсысына бір мініп, сыртымнан елестетіп көріп, тағы да жасылын алам дедім. Бірақ жай жасыл велик емес, рамасы ерекше иілген, рулі де түп-түзу, спортшылардыкіндей велосипедті таңдадым. Сатушы көлігімді сайлап, дөңгелегін қатайтып, бір-екі кілтін ұстатты. Құдай-ау, өзінің құжаты бар екен. Серийный нөмірін сәйкестендіріп, гарантиясын жазып берді. Велосипед емес таза көлік қой мынау. Шешем «Мен аздап базар аралаймын, сен үйге бара бер. Үй жаққа келгенде хабарласам, пакеттерімді велигіңе артып аларсың» деген соң үйге қарай тарттым.

Қалада мұндай велик тек менде секілді. Жұртқа жалтақтап, қайсысы қызғана, қызыға қарайды екен деп келем. Өзім де үстінде сенімді отырмын. Адам жоқ жерлерде түймесін басып, ызғытып та аламын. Қатты жүрген кезде кәдімгідей самал жел есетінін қайтесіз. Ие-е, шынымен де скоростной десе скоростной екен. Үйге қарай келгеніммен кірмедім, әрлі-берлі зырғытып жүрдім де қойдым. Қақ төбеден күн шыжып тұрғанда біреуі де далаға шықпайды ғой. Әйтпесе жаныма жетіп келіп, қызықтап тұрушы еді. Сол күні темір тұлпарымды аяп үйге тастап, шешемнің дәу пакеттерін қолым қиылса да өзім әкелдім. Міне, осы күннен бастап менің бақытты балалық шағымның кезекті кезеңі басталды.

Қолы қалт етсе қала кезіп, белсебетімен белсеніп жүретін де мен. Екі аттасаң жететін дүкенге великпен баратын да мен. Балалар болып жарысса бірінші келетін де мен. Әйтеуір қуанышты сәтімнің көбін белсебеттің үстінде жүріп өткізіп, кейде оған мұңымды да шағатын едім. Балалық басылмаған кезеңде өзімді Тур де Франстың қатысушысы ретінде сезініп, асфальт жолда жүйткіп жүретінмін. Кейінірек Қытайдан «Алиэкспресс» дүкенінен тұлпарыма түрлі зат алдырттым. Жарық түссе түрлі-түсті болып жанатын катафоттар, түнгі кезде қосатын жарық шамы, тиын-тебен мен телефон салатын сөмке де бар еді. Велосипед менікі болғанымен қызығын барлығы көрді. Әкем кейде жұмысқа мініп кетсе, үйдің үлкендері көшеге сонымен кететін. Тіпті ең алғаш рет қызбен қыдырғанымда да осы бір серігімді қасымда сүйретіп жүргем. Мектепке де велосипедпен барып, күннің көзінде тұрып қалмасын деп ерте барып, көлеңкеден орын иемденуге асығатынмын. Велосипедімді мініп көршіммен 30 шақырым жердегі ауылға барып, балық та аулағанбыз.

Міне, осы кездердің бәрінде байғұс бір бұзылған емес. Артық дыбыс шықса әкемнің артынан қалмай жөндетіп аламын. Қыс кезінде ақша жинап, жыл сайын дөңгелектерін жаңартамын. Машина жуса мен де жағаласып велосипедімді сылап-сипап жүретінмін.

Демалыста үйге барғанда көрдім. Күтімі жоқ болған соң наклейкасы жыртылып, майы да ағып, топыраққа тұнған. Дөңгелектерінің де жаңартылмағанына біраз болған. Ең өкініштісі қазір оған аса қуанбайтын болыппын. Жай көлік ретінде қарап, тек шаруаға ғана пайдаланам. Кезінде көп қуаныш сыйлаған, бақытты еткен велосипедіме ол кезде бей-жай қараймын деп ойламаппын. Жаны болмаса да жанымды түсінетін темірді аяймын. Әркім бір мініп, білгенін істеп, себепті-себепсіз скоросын ауыстырып жүрген шығар. Айқыш-ойқыш жолдардан жай өтпей, темірі темірге соғылып әбден қиналса керек. Шашыраған лай судан басқаны көрмегеніне де көп болғандай. Тіпті түнгі қаланы аралап, оған ешкім әңгіме де айтпайтын шығар.

Қайтейін... Мен қазір басқа қаладамын. Саған мұңымды шағып, сыр шертетін кішкентай бала да емеспін. Сен маған шексіз жақсылық жасадың. Ал мен тек үйдегілердің сені сатып не ауылға беріп жібермеуіне жағдай жасай аламын. Балалық шағымды бақытқа бөлегенің үшін алғыстан басқа айтарым да жоқ...

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3649 Тапсырыс №1264

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ